таныстыру	**Заттық әлем.** Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану **Көлік,байланыс құралдары.** Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру **Еңбекке баулу.** Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетт іматериалдарды,құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болғансоң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу:балалардың назарынада мныңжеке қасиеттеріне(еңбекқор,ұқыпты)аудару **Менің Отаным–Қазақстан.** Балалар тұратын қаламен ауыл,еліміздің астанасы,Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін пысықтау. **Өсімдіктер әлемі.** Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, күтім жасау. **Жануарлар әлемі.** Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылауда ғдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау(суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу дағдыларын дамыту. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** Топта қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,терезенің алдына шықпау,розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау дағдыларын қалыптастыру

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Аяла» балабақшасы
Топ: «Көгершін» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:Наурыз айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері
Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолдарын алдына немесе басынан жоғары,артына апарыпшапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру,түсіру,саусақтарды қозғалту,қол саусақтарын жұму және ашу. Допты бір-біріне басынан жоғары(артқа және алға)беру,жан-жаққа(солға-оңға) бұрылу;аяқтың ұшына көтерілу,аяқты алғақарай қою,аяқты жан-жаққа,артқа қою; **Негізгі қимылдар:** Бір қалыпты,аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүру Бір қалыпты,аяқтың ұшымен,сапта бір-бірден жүгіру. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты домалату, лақтыру, қағып алу. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру Саптағы,шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. **Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға,қимыл түрлерін өзгерте отырып,ойындарға күрделі ережелерді енгізу.Қимылды ойындарды ойнату. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу.Үш дөңгелекті велосипедті тура,шеңбер бойымен,оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру,тамақтану,жуыну кезінде қарапайым мінез-

	құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету;сабынды дұрыс қолдануды,қолды,бетті,құлақты тазалап жууды,жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді,орамалды орнына ілуді,тарақты және қол орамалды пайдалану ды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты,шанышқыны,майлықты дұрыс қолдану;нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып,шайнау,ауызды толтырып сөйлемеу. **Өзіне-өзіқызметкөрсетудағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге,тісті тазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтарды байқауға,оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге,ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Дене мүшелерімен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулар мен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып,емделу қажеттігін білу. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті тазаууада болуын қамтамасыз ету.
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілеті ндамыту:баяу сөйлеу,жаңылтпаштар айту. **Сөздік қор.** Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді жіктелуіне,септелуіне қарай байланыстыруды,етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту. **Байланыстырып сөйлеу.** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану ды үйрету
Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты,мәнерлі үзінділерді қайталау,балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.

Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарын есімімен толық,дұрыс атауға баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын дамытуда,санамақтар,тақпақтар,жаңылтпаштарды жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім,зат есім және етістік) үйрету **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауапберуге баулу
Математика негіздері	**Сан.** «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?»сауалдарына жауап беру. **Шама.** салыстыру нәтижелерін бірдей,тең,жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу **Геометриялық пішіндер** Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. **Кеңістікте бағдарлау** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол. **Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау:күндіз-түнде,таңертең-кешке.
Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжеттіойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды,өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру.
Сурет салу	Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстермен олардың

	реңктерін (қызғылт,көгілдір,сұр)қолдануды. Қаза қою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалар мен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға,т ұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолданаотырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу,оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен,тұрмыстық заттары мен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайымэ лементтерімен безендіруді. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Музыка	**Музыка тыңдау** Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңынадейін тыңдауға үйрету. **Ән айту.** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтуды үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау,ойындарда таныс би қимылдарын қайталауын дамыту **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала,оның отбасы,үйі.** өзінің отбасы,отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге үйрету **Заттық әлем.** Қазақ халқының тұрмыстық заттарын тану және атау дағдысын кеңейту **Көлік,байланыс құралдары.** жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен

	таныстыру. **Еңбекке баулу.** Өзінің,құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне,суреттеріне,бұйымдарға құрметпен қарауға,оларға ұқыптылықпен қарау ғ абаулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. **Менің Отаным–Қазақстан.** Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып,өзінің туған жеріне,Отанына дегенсүйіспеншілік сезімін ояту. **Өсімдіктер әлемі.** Ағаштардың, далагүлдерін тану және атау,өсімдік бөліктерін тануын қалыптастыру **Жануарларәлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау(суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді пысықтау. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** Серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен,ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау,құмды шашпау,ұсақ заттарды құлаққа,мұрынға тықпау).

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Аяла» балабақшасы
Топ: «Көгершін» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:Сәуір айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері**
Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру,түсіру,саусақтарды қозғалту,қол саусақтарын жұму және ашу. Солға,оңғабұрылу(отырған қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып,етпетінен жату және керісінше;иықтарды жоғарық өтеріп,қолдыжан-жаққасозып еңкею(етпетінен жатқан қалыпта) Қолдарды алға созып,жартылай отыру,тізені қолмен ұстап,басты төмен иіп,кезекпен тізені бүгіп,аяқты көтеру; **Негізгі қимылдар:** Сапта бір-бірден,екеуден(жұппен)жүру; Алаңның біржағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру. Аяқтарын алшақ қойып,отырып,1,5–2метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату Доғаның астымен (биіктігі40сантиметр) еңбектеу. 15-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы,шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. **Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға,қимыл түрлерін өзгерте отырып,ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу.Үш дөңгелекті велосипедті тура,шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауғ аүйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді,тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.

	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты,шанышқыны,майлықты дұрыс қолдану;нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып,шайнау,ауызды толтырып сөйлемеу. **Өзіне-өзіқызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілік пен киінуге және шешінуге, тістітазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға,оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге,ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Дене мүшелерімен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып,емделу қажеттігін білу. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.Тыныс алу жаттығуларын жасау.
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту,сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу,жаңылтпаштар айтуды менгерту. **Сөздік қор.** Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше,көпше түрде қолдануды үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру,қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет	Ересектер мен бірге ертегілерді,қарапайым көріністерді ойнауға,бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,онда жеке репликаларды,кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекісөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге,сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

	Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын дамытуда,санамақтар,тақпақтар,жаңылтпаштарды жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануды пысықтау. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.
Математика негіздері	**Сан.** Заттарды салыстыру:заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?»сауалдарына жауап беруін қалыптастыру **Шама.** Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа,бірдей,тең,ені бойынша кең-тар,бірдей,тең,биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей,тең,жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздері мен белгілеуін дамыту **Геометриялық пішіндер** Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. **Кеңістікте бағдарлау** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол. **Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру:күндіз-түнде,таңертең-кешке.
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау,пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан,үлгібойынша,ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты,қылқаламды қатты қыспай,дұрысұстауды пысықтау. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып,қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету,тұтас қағаз парағына бейненіорналастыру,қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт,көгілдір,сұр)қолдануды дамыту.

	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдары мен(білезік, жүзік, балдақ,сырға,тұмар)таныстыру.Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып,өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу,оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу,жаймадағы дайын үлгіге жағу,желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Геометриялық фигуралардың(дөңгелек,шаршы,үшбұрыш)ортасына,бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.
Музыка	**Музыка тыңдау** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының,музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету;оларды атай білу. **Ән айту.** Ересектердің дауысына ілесе отырып, олар мен бірге ән айту,әнді бірге бастап,бірге аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына,таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала,оның отбасы,үйі.** Жақындарына қамқорлық танытуға баулу. **Заттық әлем.** Заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту **Көлік,байланыс құралдары.** жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру **Еңбекке баулу.** Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға,оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрысемес», «жақсы»немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру **Менің Отаным–Қазақстан.** Балабақшаның үй-жайларымен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. **Өсімдіктер әлемі.** Кейбір көгөністермен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау. **Жануарлар әлемі.** Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтармен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау)

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Аяла» балабақшасы
Топ: «Көгершін» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру,түсіру,саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею(етпетінен жатқан қалыпта) Қолдарды алға созып, жартылай отыру,тізені қолмен ұстап,басты төмен иіп,кезекпен тізені бүгіп,аяқты көтеру; **Негізгі қимылдар:** Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен)жүру; Алаңның біржағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру. Аяқтарын алшақ қойып,отырып,1,5–2метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату Доғаның астымен (биіктігі40сантиметр) еңбектеу. 15-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. **Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға,қимыл түрлерін өзгерте отырып,ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу.Үш дөңгелекті велосипедті тура,шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды,бетті,құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді,тарақты және

	қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілік пен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға,оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Дене мүшелерімен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып,емделу қажеттігін білу. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алужаттығуларын жасау.
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту,сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу,жаңылтпаштар айтуды менгерту. **Сөздік қор.** Тұсаукесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпшетүрде қолдануды үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру,қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді,қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектер мен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында,

	дербес әрекеттерде ауыз ек ісөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге,сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын дамытуда,санамақтар,тақпақтар,жаңылтпаштарды жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануды пысықтау. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.
Математика негіздері	**Сан.** Заттарды салыстыру:заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?»сауалдарына жауапберуін қалыптастыру **Шама.** Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа,бірдей,тең,ені бойынша кең-тар,бірдей,тең,биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей,тең,жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту **Геометриялық пішіндер** Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. **Кеңістікте бағдарлау** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол. **Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру:күндіз-түнде,таңертең-кешке.
Құрастыу	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
Сурет салу	Сурет салукезінде қарындашты,қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Бірзаттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай

	отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстермен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу,оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу,жаймадағы дайын үлгіге жағу,желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.
Музыка	**Музыка тыңдау** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. **Ән айту.** Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірг ән айту,ән дібірге бастап,бірге аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына,таныс би қимылдарын ойындард ақолдануына мүмкіндік беру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала,оның отбасы,үйі.** Жақындарына қамқорлық танытуға баулу. **Заттық әлем.** Заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту **Көлік,байланыс құралдары.** жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру **Еңбекке баулу.** Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда«дұрыс»немесе«дұрыс емес»,«жақсы»немесе«жаман»әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру **Менің Отаным–Қазақстан.** Балабақшаның үй-жайларымен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. **Өсімдіктер әлемі.** Кейбір көгөністермен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау. **Жануарлар әлемі.** Үйжануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық,жылы,ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау)

«Бекітемін»
«Нұр-Дәулет» балабақшасы»
ЖШС-нің меңгерушісі
Б.Жүнісов

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклагроммасы
«Көгершін» ортаңғы тобы
2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 1 апта


Мектепке дейінгі ұйымы: «Нұр-Аяла» балабақшасы ЖШС
Топ: «Көгершін» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тәрбиеші: Г.Медетбекова
Қандай кезеңде жасалды: 02.09-06.09.2024ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 02.09.2024ж**	**Сейсенбі 03.09.2024ж**	**Сәрсенбі 04.09.2024ж**	**Бейсенбі 05.09.2024ж**	**Жұма 06.09.2024ж**
Тақырыбы:	**Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**				
Апта дәйек сөзі:	**«Ежелден ел тілегі - ер тілегі, адал ұл ер боп туса ел тілегі»**				
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, жағымды атмосфера орнату.Көңіл күйін сұрау. **Коммуникативтік дағды**	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау. **Коммуникативтік дағды**	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, балалық шақ күйін қосу.**Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық**	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу,қоянның сұрақтарына жауап беру. **Коммуникативтік дағды**	Достар әнімен қарсы алу.жағдайын,көңіл күйін ата-аналардан сұрау. Денсаулығын тексеру . Жеке жайлы жағдай жасап қабылдау**Шығармашылық дағды**
Ата-аналармен әңгімелесу,	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету	Баланың үйдегі ойыншықтарға	Балабақшадан кейінгі баланың	Демалыс күндердегі баланың

кеңесберу	жайлы әңгімелесу.	дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	деген қызығушылығы жайлы сұрау	өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Күз мезгілінің маусымдық өзгерістермен таныстыру. Жанды және жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	«Қай жануар артық» Мақсаты: Жасырылған жануарларды таба алады.	«Қуыршақты киіндір» мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдерін тануға үйрету **Ұлттық құндылық** 1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - жайлы мекен» **Бір тұтас тәрбие**	Заттардың белгісі мен қасиеттерін анықтай білуге жаттықтыру. Табиғатты сүюге баулу **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	Асық ойындары«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Дарабоз» (тәрбиеленушілерді ң арасында) «Жарысқа шық, жаңұя» (ата-аналардың арасында) **Ұлттық құндылық Біртұтас тәрбие**
Таңертенгі жаттығу	**Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Ө**з орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. **Қоршаған ортамен танысу**	Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. **Математика негіздері**	Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру **Құрастыру**	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру **Сурет салу**	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету **Көркем әдебиет**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Жалпыдамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен	**Музыка** Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің	**Дене шынықтыру** Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және	**Қазақ тілі** Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету	**Дене шынықтыру** Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.

	ойынтүріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.	мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.	жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;		Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;

	Балалар, мынау біздің тобымыздың бөлмесі. Бөлмеміз жарық, әрі кең. Топта сіздерге арналған көп ойыншықтар бар. (Балаларға демонстрациялық көрнекілікті көрсете отырып, балабақшамен таныстыру) – Мынау не? – Оған не саламыз? т.б. сипаттарын атау, түсін, көлемін айту. – Мынау не? – Оған не саламыз? – Қандай ойыншық көріп тұрсыңдар? – Мынау не? (Кереует – жататын төсек). – Онда не істейміз? (ұйықтаймыз, т.б.) топ, бөлме, кереует, қолжуғыш сөздерімен сөздік жұмыс жүргізіледі. **Қоршаған ортамен танысу,**	- Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата. - Күз мезгілі несімен қызықты? - Күздің неше айы бар? - Күзде адамдар қандай еңбек жасайды?Қоша ған ортамен таныстыру,**Сөй леуді дамыту**  ағаштаға құстарды салыстыру **Математика негіздері** Бар сиқыр осы қарындаштард ың ұшында екендігіне тоқталады. Ұстағышпен ұстап олардың	 Суретте неше түйе болса сонша дөңгелекті боя.**Математика негіздері** Қағаз бетін ашық түсті дақтармен саусаққа жағылған бояумен жақпалармен толтырумен сурет салуға үйрету **Сурет салу** «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын-жаттығуы. Бұл тапсырмада балалар суреттегілердің неге ұқсайтынын айтып, сурет бойынша сәйкестендіреді.	 ағашта неше жапырақ болы?нешеуі түсті.**Математика негіздері, Сөйлеуді дамыту** Педагог балалардынкүзді қандай белгілеріне қарай анықтауға болатынын сұрайды. Күзде табиғатта қандай құбылыстар байқауға болады? Балалар өз болжамдарын айтады: Далада жаңбыр жауып тұр, күн суыта бастады, салқын жел соғып, сарғайған жапырақтар жерге түсіп жатыр. Күн шығып тұрғанымен	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау**. көркем әдебиет, музыка** Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру,қаран даш ты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. **сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер

	көркем әдебиет Ойыншық үйді дәсүрден тыс сурет салу арқылы жасау  **Дәстүрден тыс сурет салу**	ұшын шығарады. Қарындаштың ұшымен, қатты баспай әдемілеп сызықтар сызуды көрсетеді. Қарындашты оң қолдың үш саусағы – бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстап, ұшын қатты баспай әртүрлі сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызып, жұмыс жасау жолдарын көрсетеді **Сурет салу**	Балалар мен шар, текше, доп сөздерімен сөздік жұмыс жүргізіледі. – Төртбұрышты текшеге ұқсайды. – Сары түсті. – Шар – шар, текше – куб, доп – мяч. – Допқа ұқсайды, ол домалақ, домалайды. – Қарбыз допқа ұқсайды. – Алма шарға ұқсайды.**Сөйлеуді дамыту**	бұрынғыдай қыздырмайды. Сол арқылы балалардың табиғат құбылыстарының атауларын ауа райындағы өзгерістермен салыстыра отырып атап көрсету қабілетін нығайтады. Құстар жылы жаққа ұшып кетіп жатыр, аңдар да қыстың қамын қылып жатыр. Адамдар егін жинап, көгөніс пен жемістерден қыста жейтін азық дайындап жатыр.Мысалы: жаңбыр жауды – жер батпақ болды (дымқыл болды); жел соқты – ағаштардың	

				бұтақтары иіліп, шайқалды; күн шығып тұр – дала жылынып, жарқырай түсті; аспанды қара бұлт торлады – күн бұлттанды.**Қоршаған ортамен таныстыру**	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				
Серуен	**Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату**.** **Еңбек** Ауладағы гүлдерді суару. **Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.	**Бақылау:** Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. **Мақсаты:** Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.	**Бақылау:** Желді бақылау. **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру**.** **Еңбек**: «Әдемі гүлдер» **Мақсаты:** Гүлзардағы	**Бақылау:** **Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. **Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. **Мақсаты:**	**Бақылау:** Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру**.** **Еңбек**: «Біздің ойыншықтар». **Мақсаты:**

	Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. **Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын:** «Соқыр теке». **Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер	**Еңбек**: Құстарға жем сауыт жасау. **Мақсаты:** Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. **Дидактикалы қойын:**	гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. **Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел» **Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **Қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек». **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.	Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. **Жеке жұмыс:**«Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу **Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту. **Қимылдық ойын:** « Ақ қояным» **Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. **Қимылдық ойын: «**Ұшты-ұшты» **Ойын барысы:** « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы	Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. **Жеке жұмыс:** Тақпақ: «Құстар қайтып барады». **Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. **Қимылдық ойын: «Жүзік салу»** **Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету. **Қимылдық ойын:** «Сымсыз телефон». **Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады.Ойын

	сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғанд ары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщыла рдың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. **Дербес ойындар:**	«Күзде не киеміз?» **Мақсаты:** Күзмезгілінеба йланыстыадамд ардыңкиімкию үлгісінкөрсетет үсіндіру. **Қимылдық ойын:** «Аттамақ». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа ,ептілікке баулу. **Ойын барысы:** Бұлойындаүшж іптікеріпұстапт ұрады.Бріншісі -төмен ,оны аттапөту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінента ғы да аттапөтукерек. Әуеліойыншын ыалыпкеліп, осы	**Қимылдық ойын:** «Орамал тастау». **Ойын барысы:** Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушы лар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса,	кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік үшты, етік үшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. **Дербес ойындар:** • «Тәтті тоқаштар» пісірейік • «Мені қуып жет». **Тренинг:** «Шаңырақ»	басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б **Дербес ойындар:** 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу. **Тренинг:** «Құс болып ұшайық».

	1.Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. **Тренинг:** «Біз тату баламыз».	жіптерденөткізіп , содансоңкөзінбайлап, бірайналдырып қояберукерек.Ойынбасқарушының белгісімен жіптікеріпұстап тұрғанадамдар жіптіжинап , алады, ал ойыншыөзінше әрекеттеніпаттапжүреді. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәттітоқаштар» пісірейік. **Тренинг:** «Тырналар болып ұшайық».	басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. **Дербес ойындар:** 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім»(құрастыру) **Тренинг:** «Қолшатыр астында».с		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды				

	жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналықдағдылар**).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Біреу – көп» ойыны. фланелеграфтағы бір және көп заттардың суреті салынған плакатты көрсетеді. Балаларды суретте қай заттар біреуден, қай	«Суреттерді қарап шығып, күздің бізге не сыйлағанын айтып бер. Күзгі жапырақтың суретін боя. Ол қай ағаштан үзіліп түсті	«Күзгі жапырақтардың түсуі» атты тыныс алу жаттығуына қатысады. Жаттығуларды орындайды: Бөтелкенің қақпағындағы	Бұл не заттар? Түстері қандай? Ұзындықтары, пішіні неге ұқсайды? Неденжасалған? Бұл – ленталар. Ұзын жолға немесе жолақтарға ұқсайды. Шүберектен жасалған Енді	Бес саусаққа киілетін театр әлемімен таныстыру, әр баланың саусағына кигізіп, саусақ театры туралы түсінік қалыптастыру

	заттар көп екендігін сұрайды. Кірпілер тек алманы ғана емес, саңырауқұлақтарды да қатты жақсы көретінін айтады. Суретте кірпілерді табуды ұсынада. Кірпілердің арқаларында нешесаңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата? **Математика негіздері,сөйлеуді дамыту–**Суреттен нені көріп тұрсыңдар? Алаша қандай пішінге ұқсайды? Қандай түсті жолақтардан жасалған? – Балалар, ертегілер әлеміндегі ханзадаларға сиқырлы алашалар керек екен, көмектесіп жіберейік. Алдын ала үлгіден қиып	екен?» **Қоршаған ортамен танысу** Жатыр дала жалтылдап, Жаз шуағын мол құйды. Күн астында алтын дән Тербеледі, толқиды. Толықсыған тасқындай Көкжиекпен ұштасып, Күн астында ақ бидай Билейді қол ұстасып.**Көркем әдебиет**	есікке салынған түтікшеден үрлейді. Жел пайда болады. Түрлі түсті қағаз майлық қиындыларымен толтырылған бөтелке мен түтікшелер таратып береді.**Қоршаған ортамен таныстыру** Балалар жіңішке жолақ қағаздардың әр түстерін таңдап, жапырақтарды үзіп қияды, көп жапырақ қиып алған соң оны ағаштарға орналастырады, қағазға жабыстырады.**Құрастыру,жапсыру**	алдарында тұрған үлестірмелі материалдардағы ленталарға мұқиятқараңдар. Бұл ленталар ұзын жолға ұқсайды. Осы ленталарды қылқаламды бояуға батырып бояйды. **Сурет салу**	(Саусақ театры)

	алып дайындаған көк және қызыл түсті жолақтарды кезектестіре отырып, тігінен, солдан оңға қарай үлгідегідей етіп жапсырамыз **Жапсыру** көлеңке тауып орналастыру. **Құрастыру**				
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті:** балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету	**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті:** Өлең, тақпақтар жаттату	**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті:** Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті** Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Балалардың жиі ойнайтын ойыншықтарын алып, шығу	Қимылды ойын: «Шарды ұста»	Мысықтың және күшіктің дауысын салу. Қимылды ойын	«Өз жұбыңды тап» ойыны мақсаты: балаларға түстерді үйрету.	Қимылды ойын «Тәй-тәй» Пирамидалармен ойын

	негізінде еркін. ойындарын ойнату Қимылды ойын «Кім жылдам» эстафеталық ойын	Түрлі конструкторлар мен дербес ойындар	«Қайтала, қайталап жаса»		
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.				
		Тәрбиеші лер кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: әжелер мектебі Аналар мектебі Әкелер мектебі

Тексерілді: **Г. Арысова.**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 2 апта



Мектепке дейінгі ұйымы: «Нұр-Аяла» балабақшасы ЖШС
Топ: «Көгершін» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тәрбиеші: Г.Медетбекова
Қандай кезеңде жасалды: 09.09-13.09.2024ж

Күнтәр тібі	**Дүйсенбі 09.09.2024ж**	**Сейсенбі 10.09.2024ж**	**Сәрсенбі 11.09.2024ж**	**Бейсенбі 12.09.2024ж**	**Жұма 13.09.2024ж**
Тақырыбы:	**Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**				
Апта дәйек сөзі:	**«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға»**				
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, көңіл күйін қал жағдайын сұрау.**Коммуникативтік дағды**	Қазақ күйінің сүйемелдеуімен қарсы алу **Ұлттық құндылық Шығармашылық дағды**	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**	Үш түрлі смайликпен қарсы алу.Жағымды атмосфера орнату **Әлеуметтік дағды**	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу **Коммуникативтік дағды**
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жеуге жарамды – жарамсыз» жүргізуші белгілі бір көгөніс, жеміс, жидек немесе кез келген заттың атауын атап, қатысушыларға кезекпен доп лақтырады.Егер жарамды болса допты қағып алады (немесе қол шапалақтайды). **Экологиялық тәрбие Қоршаған ортамен таныстыру**	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілім менің тірегім» **Бір тұтас тәрбие**	Музыка тыңдау шаттану. ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау **Коммуникативтік дағды**	«Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» таныстыру, видеоролик көрсету **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру **Бір тұтас тәрбие жоспарынан**
Таңертенгі жаттығу	**Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.				

